



АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

2021 жылғы 12–19 қараша аралығындағы жекелеген дамушы елдердің валюталарына шолу

2021 жыл, 22 қараша

Сауда-саттық қорытындысы бойынша, 19 қарашада теңгенің нарықтық бағамы бір апта ішінде 0,2%-ға (429,59 теңгеден) әлсіреп, бір АҚШ доллары үшін 430,43 теңге деңгейінде қалыптасты. Дамушы нарықтар валюталарының серпіні көбінесе теріс болды. АҚШ-та маңызды деректер шыққаннан кейін доллардың нығаюы дамушы нарықтардың валюталарына қысым көрсетті, ол өз кезегінде ФРЖ-ның саясатты күшейтуге ертерек көшуге қатысты ұсыныстарын қолдайды. Сондай-ақ жаһандық инвесторлар Еуропадағы Covid-19 пандемиясының кезекті өршуі аясында тәуекелі бар активтер дәрежесінің төмендегенін көрсетуде.


Дамушы елдер валюталарының АҚШ долларына қатысты бағамдарының¹ серпіні төмендегідей қалыптасты:

- **үнді рупиясы** мұнай бағасының құлдырауы және ішкі IPO-ға байланысты шетелдік инвестициялардың әкелінуі аясында 0,3%-ға (74,44-тен 74,24-ке дейін) нығайды;
- **Индонезия рупиясы** АҚШ долларының нығаюы аясында 0,1%-ға (14219-дан 14232-ге дейін) әлсіреді;
- **Ресей рублі** Еуропадағы пандемияның қайта өршуі ықпалынан мұнай нарығының құлдырауы және геосаяси толқудың жалғасуы аясында 0,9%-ға (72,85-тен 73,49-ға дейін) әлсіреді;
- **Мексика песосы** АҚШ қазынашылық облигациялары кірістілігінің өсуі аясында 1,5%-ға (20,52-ден 20,83-ке дейін) әлсіреді;
- **Оңтүстік Африка ранды** Орталық банктің пайыздық мөлшерлемесін 3,75%-ға (25 б. п.) көтерілуіне қарамастан доллардың нығаюы аясында 2,6%-ға (15,33-тен 15,73-ке дейін) әлсіреді;
- **Бразилия реалы** Covid-19-дың кезекті жаңа толқынына қатысты қауіптің күшеюіне байланысты тәуекел-сентиментінің төмендеуі аясында 2,7%-ға (5,46-дан 5,61-ге дейін) әлсіреді;
- **түрік лирасы** Түркия Орталық банкінің жоғары инфляцияға қарамастан есептік мөлшерлемені 15%-ға дейін төмендету туралы кезекті шешімі аясында 12,9%-ға (10-нан 11,29-ға дейін) әлсіреді.

¹ АҚШ долларына қатысты көлемі тұрғысынан барынша көп саудаланатын дамушы елдердің валюталары


Дамушы елдердегі валюта бағамының АҚШ долларына қатысты өзгеруі, %

(2021 жылдың басынан 19 қараша аралығында)





Дамушы елдердегі валюта бағамының АҚШ долларына қатысты өзгеруі, %

(2021 жылдың 12-19 қараша аралығы)



Дамушы елдер валюталарының серпіні
(2021 жылғы 5 қараша =100, индекстің өсуі – валютаның нығаюы)



Толығырақ ақпаратты БАҚ өкілдері мына телефон бойынша алуына болады:

8 (7172) 77–52–10

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz